

Мәслихаттың 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 166 "Арқалық қалалық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2015 жылғы 28 мамырдағы № 248 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 маусымда № 5667 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2017 жылғы 19 мамырдағы № 110 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 19.05.2017 № 110 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 9-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы "Мәслихаттың үлгі регламентін бекіту туралы" № 704 Жарлығына сәйкес Арқалық қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 9 сәуірдегі № 166 "Арқалық қалалық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4703 тіркелген, 2014 жылғы 30 мамырда "Торғай" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Регламентінде:

мемлекеттік тілдегі 7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"7. Мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезекті
сессияның төрағасы
Мәслихат хатшысы*

Қ. Смағұлов

Н. Шалдыбаев